

CAF

CENTRAL ASIA FASHION

SPRING-2022

14-16.03.2022

Almaty, Kazakhstan

г. Алматы, Казахстан

29 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

Создавая новые возможности



Алматыда Central Asia Fashion Spring -2022 Халықаралық сән көрмесі өтті

2022 жылдың 14 наурызы мен 16 наурызы аралығында сегіз елдің өндірушілері: Түркия, Ресей, Италия, Германия, Польша, Қазақстан, Үндістан және Қытай CAF Spring-2022 халықаралық сән көрмесінде жаңа топтамаларын ұсынды.

85 fashion-өндірушілері мен жеткізушілері алдағы маусымға арналған коллекцияларын Алматыға байерлердің алдын ала тапсырыс беруі және сатып алуы үшін әкеліп, саланың жай-күйі туралы ақпараттарымен алмасты.

Central Asia Fashion Spring-2022 көктемгі маусымының қорытындысы

2022 жылғы 14-16 наурыз аралығында Алматыда Орталық Азия аймағындағы ең ірі кәсіби халықаралық сән көрмесі – Central Asia Fashion Spring-2022 болып өтті. Іс-шараның кезекті 29-шы маусымына 4516 сән индустриясының кәсіби мамандары қатысты: сатып алушылар, бизнес иелері, сауда өкілдері, дистрибьюторлар, дүкен директорлары, көтерме саудагерлер, жеткізушілер, талдаушылар, сауда орталықтарының өкілдері және сән нарығының сарапшылары. Шараны ұйымдастырушылар – CATEXPO көрме компаниясы бизнесті қолдау үшін ашқан арнайы байерлік бағдарламасын Қазақстанның барлық өңірінен 786 кәсіпкер пайдаланды. Сонымен қатар, CAF көктемгі салонына Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның мамандандырылған fashion мамандары келіп қатысты.



Фотоның тақырыбы: Central Asia Fashion Spring-2022 көрмесінің ашылу салтанаты және оның құрметті қонақтары

Central Asia Fashion Spring Salon қатысушыларының арасында әлемнің сегіз елінің: Түркия, Ресей, Италия, Германия, Польша, Қазақстан, Үндістан және Қытай 85 сән өндірушілері мен жеткізушілері қатысты. Көрменің тақырыптық бөлімдерінің ішінде ең көп ұсынылғандары: әйелдер, ерлер және балалар киімдері, бас киімдер, сырт киімдер мен тондар, спорттық киімдер мен джинсалық киімдер, іш киімдер, сондай-ақ сөмкелер мен сәнді аксессуарлар.



Түркиядан келген қатысушылар стендінде қазақстандық байерлер

CAF Spring-2022 халықаралық сән көрмесінің қатысушылары алдағы маусымға арналған коллекцияларын Алматыға байерлердің алдын ала тапсырыс беруі және сатып алуы үшін әкеліп, саланың жай-күйі туралы ақпараттарымен алмасты. Show area аймағында Түркия, Ресей және Үндістаннан келген 16 сән бренді арнайы жабдықталған подиумда жаңа топтамаларын ұсынды.



CAF Spring-2022 қатысушыларының сән көрсетілімдері

Әйелдер, ерлер және балалар киімдері мен аксессуарларының 40-тан астам түрлері, кез келген талғам мен қалта үшін кең сұрыпталым мен баға саясаты, сонымен қатар пікір алмасу, retail-нарығының жетекші ойыншыларының талдауы және Қазақстанның қызықты мәдени және сән жобаларымен шығармашылық ынтымақтастығы - Central Asia Fashion көрмесі әлемдік кәсіби сән қауымдастығын өзінің ауқымдылығымен таң қалдыруда.



СATEXPPO көрме компаниясының директоры Метин Арслан

Сатехро халықаралық көрме компаниясының директоры Метин Арсланның айтуынша: «Бүгінде тоқтап қалмай, ары қарай даму өте маңызды. Бизнеске қолдау көрсететін, өсу мақсатында пікір алмасу болатын осындай алаң болғанымызға қуаныштымыз. Қиындықтарға қарамастан біздің



Ресейден келген CAF Spring-2022 қатысушылары

қатысушылардың келе алғанына және көрменің қорытындысы бойынша барлығы жаңа тұтынушыларды тапқанына, ал бөлшек сауда келушілері тапсырыс бере алғанына және жақын арада жаңа өнім алатынына қуаныштымыз».

Көрмеге байерлер мен басқа да келушілер коллекцияларға тапсырыс беру үшін ғана келмейді. Шымкент қаласындағы дүкендердің бірінің иесі Ильмира Ахенбекова өз пікірімен бөлісті: «Көп жылдар бойы мен бұл ерекше көрмені жіберіп алған емеспін және әр жолы өз клиенттерім үшін жаңа нәрсе табамын. Пандемия мен геосаяси жағдайға қарамастан, мұнда әлі де ондаған брендтер ұсынылғанына қуаныштымын. CAF - бұл алдын ала тапсырыс беру үшін бюджетіңізге қарамайтын, мамандардан әрқашан жаңа ақпарат, кейін өз жұмысымызда қолданатын пайдалы ұсыныстар ала алатын ритейлерге арналған кәсіби іс-шаралардың бірі.

Central Asia Fashion бизнес конференциясының қорытындысы

Шараға шақырылған талдаушылар мен сарапшылар дәстүрлі CAF бизнес конференциясында өз ойларын ортаға салды. Қазақстандағы Nielsen IQ бөлшек сауда желісінің маманы Сергей Булановтың айтуынша, қазақстандықтардың 72%-ы шығындарды, атап айтқанда, киім-кешек, тамақ және үйден тыс ойын-сауыққа жұмсалатын шығындарды азайту шараларын жалғастырып жатқанына қарамастан, төртінші тоқсандағы тұтынушылық оптимизм индексі 2021 жыл тағы 5 тармаққа көтеріліп, 200 ұпайдың 109-ын құрады. Дегенмен, маман болжамдар туралы сақтықпен сөйлеп, бөлшек саудагерлерге икемді болуды ұсынды.



«Қазақстанның бөлшек сауда желілері одағы» ЗТБ басқарма төрағасының орынбасары Эльбеги Абдиев және Central Asia Fashion бас продюсері Милена Ершова

Қазақстандағы қара қаңтардың салдарынан бизнестің шығын көлемі мен олардың орнын толтыру туралы айтып, бизнесті қолдау бойынша бірқатар қажетті шараларды ұсынған «Қазақстан Республикасы бөлшек сауда желілері одағы» заңды тұлғалар бірлестігі басқарма төрағасының орынбасары Эльбеги Абдиев те өз пікірімен бөлісті. Сол шараларға келесілерді қосуға болады: міндетті таңбалауды кейінге қалдыру, ҚҚС төмендету және ШОБ субъектілеріне қойылатын талаптарды жеңілдету. Маманның айтуынша, бүгінде «салықтар мен талаптар» өте жоғары. Осыған қарап, өркениетті саудада қандай қиындықтар болып жатқанын, оған қатысты көптеген талаптардың енгізіліп жатқанын және нәтижесінде заңды түрде сауда жасау мүлдем тиімді емес екенін түсінеміз.

Сондай-ақ, бизнес-конференция аясында Қазақстандық қоғамдық пікірлерді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының (ҚҚПНКЗҚ) президенті Наталья Оспанова электронды коммерция саласындағы бірегей зерттеулерімен бөлісті. Сарапшы сән сегментіндегі ең табысты 5 ойыншы мен трендтерді атап өтті, сондай-ақ Қазақстанның әртүрлі аймақтарында онлайн-сатулардың неліктен әртүрлі қамтылатынын түсіндірді.

Central Asia Fashion бизнес-конференциясында тұтынушы мен бизнес иесінің өзара әрекеттестігіне ерекше назар аударылғанын атап өткен жөн: қазақстандық бөлшек сауда сарапшылары турбуленттілік пен шексіз өзгерістер кезінде қалай әрекет ету керектігі, не күтуге болатыны, қазақстандық бизнес үшін және ағымдағы жағдайларда тәуекелдерді қалай азайтуға болатыны туралы өз пікірлерін білдірді. Атап айтқанда, шақырылған сарапшылар бүгін «қоймадан тауарларды шұғыл түрде төгу үшін қолайлы уақыт емес» деген ойға тоқталды. Бізге сатуды дұрыс жоспарлап, тауардың өтімділігін нақты түсіну қажет. Осылайша, бизнес-кеңесші және бөлшек сауда мектебінің негізін қалаушы Ксения Көшербаева «эйфория мен депрессияның арасында даму жолын таңдап, тәуекелдермен белсенді жұмыс істеген дұрыс» деген ұсынысымен бөлісті.



Қазақстандық сән ритейлерлерінің панельдік талқылауы

Іскерлік конференцияға қатысушылар арасында қызығушылық пен қызу пікірталасқа танымал қазақстандық блогерлердің қатысуымен өткен сессия себеп болды. Кирилл Флаймен, Диана Снегина, Алина Сарсенова және Яна Бобрыка өз тәжірибелерімен бөлісті және қазір әлеуметтік желілердегі аудиторияның өткір реакциясын қалай қабылдауға болатынын айтты, fashion бизнесіне бренд елшілерінің қажеттілігін талқылады және өсіп келе жатқан хайп пен жеккөрушілік туралы айтты.

Әлеуметтік желілердегі жеке зерттеудің қызықты деректерін «2021 жылдың үздік стилисті» Мира Берген ұсынды. Сарапшының айтуы бойынша, қазақстандық дүкендерге келушілердің көпшілігі дүкен иелерінің тауарларды трендтерге және әлемдік сән үрдістеріне негізделмей, бағасын шамалап, тек өз талғамына қарай таңдайтынына сенімді. Титулды стилист, блогер және сарапшы сауда орындарын жобалау және сервисті жақсарту бойынша нақты ұсыныстарымен бөлісті. Маман жеке стилистерге деген сұраныс пен тұтынушылардың сұранысы одан әрі танымал болатынына сенімді.

Блогер, «Империя блогинга» мектебінің негізін қалаушы Сабина Рүстембаева fashion-контентіндегі жаңа тенденциялар, әлеуметтік желі қолданушыларымен өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасқа деген қажеттілік туралы айтып берді.



Fashion ритейлеріне арналған CAF кеңес беру орталығы

Сондай-ақ көрмеге келушілер бизнес-конференциядан тыс уақытта сарапшылармен тілдесіп, бизнесті дамыту үшін пайдалы ақпарат ала алғанын да атап айту керек. Іс-шараның барлық үш күнінде көрме

алаңында арнайы жабдықталған тегін кеңес беру орталығы жұмыс істеді, онда fashion ритейлінің жетекшілері жүйелі басқару, мерчандайзинг, ассортиментті басқару, жоспарлау және сату, кадрларды іріктеу және оқыту, қаржы және бухгалтерлік есеп, салықтық есеп және аудит бойынша ұсыныстарымен бөлісті. Кеңес беру орталығының жұмысы барысында Орталық Азияның әртүрлі аймақтарынан келген 50-ден астам кәсіп иелері жеке кеңестер мен практикалық ұсыныстар ала алды.

Central Asia Fashion көрмесінің арнайы жобалары

CAF халықаралық сән көрмесінің Қазақстандағы жас дарындарға қолдау көрсетуі алғаш емес. Көрменің көктемгі маусымының ашылу салтанаты аясында Kazakhstan Fashion Week ұлттық сән апталығымен өткізілетін жыл сайынғы «New Generation.Open Way-2021» жас дизайнерлер байқауының финалистерінің жұмыстарының арнайы тұсаукесері ұйымдастырылды. Саналы тұтыну тақырыбында еліміздің 5 облысынан келген қазақстандық дизайнерлердің 21 жұмысы джинсыдан жасалған. Бәла Пугоева, Аружан Смағұлова, Рауан Нысанбаев, Малика Сүйеуберген, Жамила Альбиева, София Левина, Милана Бокова, Алтынай Утарова, Нұрдаулет Бекетаев, Айжан Сейітқазы, Жания Ергешбай, Алтынай Әлибаева, Дана Садуахасова, Дильназ Исабекова, Анар Мақсұт, Ділназ Бектаева, Гүлбахрам Сыздықова, Іңкәр Мұхтар, Нұрәли Канкелді, Асем Уралбаева және Наталья Столбушкина сынды қазақстандық дизайнерлер мобильді подиум-трансформерде өз жұмыстарын ұсынды..



«New Generation.Open Way - 2021» байқауының финалистері CAF 2022 ашылу салтанатында

Келушілердің ерекше назарын көрменің ART Gallery CAF бөліміндегі арнайы жобасы – «Қазақстанның ДНҚ капиталы» аударды. Қазақстандық жас суретші және блогер - @Assolya лақап атымен танымал Әсел Сабыржанқызының 10 түпнұсқа картинасы назарға алынды. Суретші алғаш рет қалың жұртшылыққа қазақстандық танымал тұлғалардың, оның ішінде: Димаш Құдайберген, Геннадий Головкин, Джах Кхалиб, Батырхан Шукенов, Скриптонит, Жанар Дұғалова, Бауыржан Момышұлының портреттерінің бірегей экспозициясын ұсынды. Қазақстан тарихындағы аты аңызға айналған Дінмұхамед Қонаев, «Алаш» партиясының қайраткерлері, Керей мен Жәнібек хандар – суретшінің портреттері әдеттен тыс «3 қарындаш» және «символдық графика» әдістерімен берілген.

Көрменің ұйымдастырушылары жариялаған өнерді цифрлық форматқа аудару сәтті өткізілді. ART Gallery CAF ұсынған барлық картиналар ақпаратты QR кодтарымен және сипаттамаларымен қамтамасыз етілгендіктен, барлығы таңдалған жұмыстың бейне көрсетілімін және жеделдетілген Timelaps режимінде түсірілген «картинаның туу құпиясының» бірегей сәтін көре алды. Күн сайын ұйымдастырушылар келушілердің 1500-нан астам рет көргенін тіркеді.



«Қазақстанның ДНҚ капиталы» жобасымен ART Gallery CAF ашылуы, суретші Асель Сабыржанқызымен

Ағылшын тіліндегі ART Gallery CAF көрмесі көптеген шетелдік қатысушылар мен халықаралық келушілерге өз отандастарының мақтанышына ғана емес, елдің нағыз қазынасына айналған Қазақстанның атақты адамдары туралы көбірек білуге көмектесті.

Айтпақшы, танымал әнші Джах Кхалибтің анасы Ләззат Мамедова ART Gallery CAF қолтаңба-сессиясы мен тұсаукесерінің арнайы қонағы болды. Ол «Қазақстанның ДНҚ капиталы» жобасы жалғасын тауып, Қазақстанның дарынды тұлғаларын аша түсуі керектігін атап өтті.

Көрме жайлы

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Алматыда жылына екі рет (наурыз және қыркүйек айларында) 2006 жылдан бері өткізіліп келетінін айта кетейік. Әр маусымда көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен сән брендтері мен өндірушілері қатысады. Көптеген қатысушылардың стендтерінде коллекцияларға алдын ала тапсырыстар мен сатып алулар жүзеге асырылады, подиумда сатып алушылар мен дизайнерлердің сән көрсетілімдері өтеді, бизнес аймақта панельдік пікірталастар, аналитикалық сессиялар және тақырыптық семинарлар өткізілетін мамандандырылған бизнес-конференциялар өтеді. Expo-business-show көрмесінің барлық үш негізгі элементі мәмілелер жасауға және бизнес-процестерді белсенді жүргізуге бағытталған.

CAF
CENTRAL ASIA FASHION
AUTUMN-2022

30 MEЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

10-12 августа
august **2022**

Organizer / Организатор
CATEXPO

WWW.FASHIONEXPO.KZ

Central Asia Fashion Autumn-2022 30-шы мерейтойлық көрмесі 2022 жылдың 10-12 тамызы аралығында өтеді.

Ұйымдастырушылар БАҚ өкілдеріне жобаға қызығушылық танытқаны үшін өз алғыстарын білдіреді. Шығарылым деректерін пайдаланған кезде дереккөзді көрсету керек: Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі. Фотосуреттерді пайдаланған кезде, CAF баспасөз қызметін көрсету керек.

*** Көрмеге қатысу сұрақтары бойынша:**

ТМД елдері – Эвелина Салихова

info@fashionexpo.kz

Ұялы.тел. +7 771 571 84 00

Еуропа – Сенан Пакер

info@catexpo.net

Ұялы.тел. +90 212 320 18 46

*** Серіктестік және іскерлік
конференцияға қатысу сұрақтары
бойынша:**

Милена Ершова

promo@fashionexpo.kz

Ұялы.тел. +7 771 506 49 45

*** Баспасөз қызметі:**

Татьяна Синенко

pr@fashionexpo.kz

Ұялы.тел. +7 771 416 42 51